

**ҚР Энергетика министрлігінің
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2026 жылғы 11 тамыз
сағ.11:00

Өткізу форматы: офлайн / «Zoom» аралығы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Ж.Ф. Хайрушев

Қатысқандар: Қазақстан Республикасы энергетика вице-министрі Сұңғат Қуатұлы Есімханов, Қоғамдық кеңестің мүшелері (*тізім бойынша*), Электр энергетикасын дамыту департаментінің директоры Асылжан Бақытұлы Мусин, Жаңартылатын энергия көздері департаментінің директоры Тұрар Әлімжан Қамбарұлы, «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-ның бас директоры Шайханов Арман Жаңабайұлы, «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС бас директорының орынбасары Жеңіс Есболатұлы Дүйсенов, «Qazaq Green» ЗТБ Ассоциациясының Басқарма төрағасы Айнұр Сапарбекқызы Соспанова (онлайн), «ІТЕСА» Қазақстанның көрме компаниясы (бұдан әрі – ҚКК) директоры Борис Александрович Даниленко (онлайн), «ІТЕСА» ҚКК Конференция контенті бойынша менеджері Лаура Жангелдіқызы Меңдіғалиева (онлайн), «ІТЕСА» ҚКК Көрме менеджері Лилит Нориковна Акопян (онлайн).

1. Жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламаларын іріктеудің, инвестициялық келісімдер жасасудың және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттар жасасудың және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алудың көлемі мен мерзімдері, электрқуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтер белгілеудің жұмыс істеуін ұйымдастыру. Электр энергиясына тарифтерді ұстап тұру шеңберінде осы іс-шараның кейінгі жылдары жұмыс істеуінің перспективасы.

Генерациялайтын және қосалқы жабдықтарды жаңғыртуға арналған инвестициялық келісімдер шеңберінде қаражат бөлу және станциялардың жобаларға олардың түріне, қуатына және энергия жүйесі үшін маңыздылығына қарай қатысуы. 2026 және кейінгі жылдарға арналған инвестициялық келісімдер шеңберінде бөлуге жоспарланатын қаражат сомасы

(Ж.Ф. Хайрушев, М.Ф. Әсірепов, С.Қ. Есімханов, А.Б. Мусин, және т.б.)

1.1. ҚР Энергетика вице-министрі С.Қ. Есімхановтың ақпараты назарға алынсын.

1.2. ҚР ЭМ Электр энергетикасын дамыту департаментінің директоры А.Б. Мусиннің ақпараты назарға алынсын.

1.3. Жобаларды іріктеудің ашықтығы және қабылданатын тарифтік



шешімдердің негізділігі жағдайында генерациялайтын қуаттарды жаңғыртуға, реконструкциялауға және жаңартуға бағытталған инвестициялық тетіктерді одан әрі қолдану қолдау тапсын.

1.4. ҚР Энергетика министрлігіне инвестициялық бағдарламаларды қалыптастыру және іріктеу кезінде электр станциялары жұмысының сенімділігіне, маневрлігіне және тиімділігіне, оның ішінде Қазақстан БЭЖ жиілігін автоматты реттеу жүйесіне тікелей әсер ететін негізгі генерациялайтын ғана емес, сонымен қатар қосалқы жабдықты жаңғыртуды қаржыландыру мүмкіндігінің көздеу ұсынылсын.

1.5. Жобаларды іріктеу кезінде электр желісінің сенімділігін қамтамасыз етудегі станцияның техникалық жай-күйін, қуатын, рөлін, маневрлік пен реттеу мүмкіндіктерін арттыру қажеттілігін, сондай-ақ ұсынылатын іс-шаралардың нақты әсерін ескеру ұсынылсын.

1.6. ҚР Энергетика министрлігіне түпкі тұтынушылар үшін электр энергиясы құнының негізсіз өсуін тежеу қажеттілігін ескере отырып, инвестициялық келісімдер тетігін жетілдіруді жалғастыру ұсынылсын.

2. Министрліктің энергетикалық реформалар мониторингінің алаңы ретінде жыл сайынғы Powerexpo Almaty форумын өткізуді ресми қолдауы

(Ж.Ф. Хайрушев, Б.А. Даниленко)

2.1. ҚР ЭМ Қоғамдық кеңестің төрағасы Ж.Ф. Хайрушевтің ақпараты назарға алынсын.

2.2. «ИТЕСА» Қазақстанның көрме компаниясының директоры Б.А. Даниленконың ақпараты назарға алынсын (онлайн).


2.3. Энергетиканы, инвестициялық жобаларды, отандық өндірісті, жаңа технологияларды дамытудың өзекті мәселелерін және салалық реформаларды іске асыру барысын талқылауға арналған салалық алаң ретінде Powerexpo Almaty жыл сайынғы форумын өткізу қолдау тапсын.

2.4. ҚР Энергетика министрлігіне форумның ресми ақпараттық және сараптамалық қолдау мүмкіндігін, оның ішінде Министрлік пен ведомстволық бағынысты ұйымдар өкілдерінің оның іскерлік бағдарламасына қатысуын қарастыру ұсынылсын.

3. Күн, жел технологияларын, гидроэнергетикалық технологияларды қоса алғанда, баламалы энергетика өндірісін дамыту, ірі жер қойнауын пайдаланушылар әлеуетін, сондай-ақ сутегі энергетикасын дамыту перспективаларын пайдалану

*(А.С. Әбілдаев, С.Қ. Есімханов, Ә.Қ. Тұрар, А.С. Соспанова,
А.К. Кашкинбеков, М.Ә. Калменов)*

3.1. ҚР Энергетика вице-министрі С.Қ. Есімхановтың ақпараты назарға алынсын.



3.2. Жаңартылатын энергия көздері департаментінің директоры Ә.Қ. Тұрардың ақпараты назарға алынсын.

3.3. ҚР ЭМ Қоғамдық кеңестің мүшесі, электр энергетикасы мәселелері жөніндегі комитеттің төрағасы А.С. Әбілдаевтың ақпараты назарға алынсын.

3.4. «Qazaq Green» ЗТБ Ассоциациясының Басқарма төрағасы А.С. Соспанованың ақпараты назарға алынсын (онлайн).

3.5. ҚР ЭМ Қоғамдық кеңес мүшесі Р.Д. Артығалиевтің ұсынысы қолдау тапсын және ҚР Энергетика министрлігіне ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен, ІМВС, салалық қауымдастықтармен, ірі жер қойнауын пайдаланушылармен және басқа да мүдделі ұйымдармен бірлесіп дәстүрлі генерацияны жаңғырту, ЖЭК объектілерін, энергия жинақтау жүйелерін және энергетикалық инфрақұрылымды салу кезінде елішілік құндылықты арттыруға бірыңғай тәсіл әзірлеу ұсынылсын.

Осы жұмыс шеңберінде:

- мұнай-газ, мұнай-химия және электр энергетикасы салаларының жабдыққа, тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге қажеттілігінің ұзақ мерзімді шоғырландырылған болжамы қалыптастырылсын;

- Қазақстанда өндірісі мен оқшаулануын экономикалық тұрғыдан дамыту орынды жабдықтар мен жиынтықтауыштардың тізбесі айқындалсын;

- оқшаулау және технологиялық ынтымақтастық жобаларына отандық кәсіпорындар мен бірегей жабдықтардың халықаралық өндірушілерінің (ОЕМ) қатысуы көзделсін;

- коммерциялық негізделген оқшаулау жобаларын қаржыландыру үшін Chevron Direct Investment Fund қоса алғанда, ірі мұнай-газ компанияларының қолданыстағы инвестициялық және қайта инвестициялық тетіктерін пайдалану мүмкіндігі пысықталсын.

3.6. ҚР ЭМ Қоғамдық кеңес мүшесі, Қазақстанның жаңартылатын энергетика қауымдастығының бас директоры А.К. Кашкинбековтің Қазақстанда жасыл энергетиканы одан әрі дамыту және оның тұрақты жұмыс істеу тетіктерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстары назарға алынсын.

3.7. Бірыңғай электр энергетикалық жүйенің сенімділігіне, желілік инфрақұрылымды, теңгерімдеуші және маневрлік қуаттарды, энергия жинақтау жүйелерін дамытуды, сондай-ақ жобалардың экономикалық тиімділігіне қойылатын талаптарды ескере отырып, баламалы және жаңартылатын энергетиканы одан әрі дамыту жөніндегі ҚР Энергетика министрлігінің ұстанымы қолдау тапсын.

3.8. ҚР Энергетика министрлігіне жобалардың нақты ішкі және сыртқы сұранысын, технологиялық әзірлігін, экспорттық әлеуетін және экономикалық бәсекеге қабілеттігін ескере отырып, сутегі энергетикасын дамыту перспективаларын пысықтауды жалғастыру ұсынылсын. Қосымша тарифтік жүктемеге әкелуі мүмкін мерзімінен бұрын міндеттемелерді қабылдауға жол берілмесін.

3.9. ҚР ЭМ Қоғамдық кеңес мүшесі А.С. Әбілдаевтың экономикалық орындылығы мен ұлттық мүдделерін ескере отырып, жасыл сутекті ғана емес, оның басқа да түрлерін өндіру перспективаларын қарастыру қажеттігі туралы ұсынысы қолдау тапсын. ҚР Энергетика министрлігіне мемлекет пен бизнестің

мүдделеріне, технологиялық дайындық деңгейіне және нақты сұранысқа жауап беретін нақты мақсаттарды көздей отырып, сутегі энергетикасын дамыту тұжырымдамасын өзектендіру ұсынылсын. Шамадан тыс оптимистік және іс жүзінде іске асырылмайтын жоспарларды, сондай-ақ қосымша тарифтік жүктемеге әкелуі мүмкін шешімдер алып тасталсын.

**Қоғамдық кеңестің
төрағасы**



Ж. Хайрушев

**Қоғамдық кеңестің
хатшысы**



Г. Кенжебай